

ISSN 1563-0323, eISSN 2618-0782

ӘЛ-ФАРАБИ атындағы ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

ХАБАРШЫ

Филология сериясы

КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ УНИВЕРСИТЕТ имени АЛЬ-ФАРАБИ

ВЕСТНИК

Серия филологическая

AL-FARABI KAZAKH NATIONAL UNIVERSITY

EURASIAN JOURNAL

of Philology: Science and Education

№1 (185)

Алматы
«Қазақ университеті»
2022



ХАБАРШЫ

ФИЛОЛОГИЯ СЕРИЯСЫ №1 (185) наурыз



04. 05. 2017 ж. Қазақстан Республикасының Ақпарат және коммуникация министрлігінде тіркелген

Қуәлік № 16497-Ж

*Журнал жылына 4 рет жарыққа шығады
(наурыз, маусым, қыркүйек, желтоқсан)*

ЖАУАПТЫ ХАТШЫ

Кенжеқанова Қ.К., PhD (Қазақстан)

РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ:

Джолдасбекова Б.У., ф.ғ.д., профессор (ғылыми редактор)
(Қазақстан)

Досанова А.М., PhD (ғылыми редактордың орынбасары)
(Қазақстан)

Адилбаева У.Б., ф.ғ.к., доцент (Қазақстан)

Алимтаева Л. Т., ф.ғ.к., доцент м.а. (Қазақстан)

Баянбаева Ж.А., ф.ғ.к., доцент м.а. (Қазақстан)

Аймағамбетова М.М., PhD, доцент м.а. (Қазақстан)

Мадиева Г.Б., ф.ғ.д., профессор (Қазақстан)

Темірболат А.Б., ф.ғ.д., профессор (Қазақстан)

Саткенова Ж.Б., ф.ғ.к., доцент (Қазақстан)

Таттимбетова Қ.Ө., PhD, доцент м.а. (Қазақстан)

Донна Орвин (Donna Orwin), доктор, профессор, Торонто университеті (Канада)

Евдокимова С.Б., PhD, доцент, Браун университеті (АҚШ)

Жаң Жин Жин (Jean Zhin Zhin), доктор, профессор,
Пекин ұлттық орталық университеті (Қытай)

Барабаш В.В., ф.ғ.д., профессор, Ресей халықтар достығы
университеті (Ресей)

Морхье Пост (Margje Post), PhD, доцент, Берген
университеті (Норвегия)

Насие Йылдыз (Nasiye Yildiz), доктор, профессор, Анкара
Хаджы Байрам Университеті (Түркия)

Риверс Уильям П. (Rivers William P.), доктор, профессор,
Ұлттық кеңес және тілдерді дамыту жөніндегі халықаралық
оқыту (АҚШ)

Кайс Амер Кадим (Kais Amer Kadhim), доктор, қауымд.
профессор, Сохар университеті (Оман Сұлтанаты)

ТЕХНИКАЛЫҚ ХАТШЫ

Тонкер А. (Қазақстан)

«Филология сериясы» қазіргі тіл білімі мен әдебиеттану және аралас мамандықтардың өзекті мәселелерін жариялауға арналған.



Жоба менеджері

Гульмира Шаққозова

Телефон: +7 701 724 2911

E-mail: Gulmira.Shakkozova@kaznu.kz

Компьютерде беттеген

Айгүл Алдашева

ИБ № 15368

Пішімі 60x84/8. Көлемі 21,0 б. т. Тапсырыс № 15006 .

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің
«Қазақ университеті» баспа үйі.

050040, Алматы қаласы, әл-Фараби даңғылы, 71.

«Қазақ университеті» баспа үйінің баспаханасында
басылды.

1-бөлім
ТІЛ БІЛІМІ

Section 1
LINGUISTICS

Раздел 1
ЯЗЫКОЗНАНИЕ

С.Б. Бектемірова^{1*}, Р. Ауесхан², Ж.А. Акимішева¹

¹Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Қазақстан, Алматы қ.

²Хаджеттепе университеті, Түркия, Анкара қ.

*e-mail: saule.bektemirova77@gmail.com

ТҮРКІТАНУ МЕТАТІЛІНІҢ ҚҰРАСТЫРЫЛУЫ МЕН ТҮСІНІКТЕМЕСІ

Түркілердің әлем кеңістігіндегі тарихи-этникалық, мәдени, саяси, лингвистикалық, географиялық т.б. ерекшеліктері мен жетістіктері туралы жүйелі, сауатты танымының қалыптасуы және қазіргі түркі халықтары тілдерін зерттеумен байланысты құрастырылған ғылыми-концептуалдық, терминологиялық аппаратты қамтитын энциклопедиялық сөздік түркілік бірлікті, түркілік бірегейлікті жаһандануда сақтап қалу жолындағы басты шаралардың бірі. Энциклопедиялық лұғаттың басты артықшылықтарының бірі – түркітану ғылыми терминологиясы мен ғылыми-концептуалдық аппаратын оның дербес метатілі ретінде зерттеу. Мұндай зерттеулер түркі тілдеріндегі сөздердің лексикологиялық корпусын анықтауға, түркітану ғылымының жүйелі әдіснамасын қалыптастыруға, әлеуметтік пікірлерді, ғылыми метатілді қолдануды, конференция материалдарымен жұмыс істеуді, диспуттар ұйымдастыруға мүмкіндік береді. Өйткені сөздіктен әлемнің тілдік бейнесін жасайтын ұлттық менталитеттің өзіндік ерекшеліктерін айқындауға болады. Зерттеу бір ғана лингвистика ғылымының аясында емес, сондай-ақ антропология, әлеуметтану, мәдениеттану, когнитология, география ғылымдарының да тоғысында жүзеге асырылады. Зерттеу лингвистика, география ғылымдары әдіснамаларына сәйкес диахронды және синхронды, салыстырмалы-тарихи және диахрондық-этимологиялық, сипаттамалы және контрастивтік, статистикалық, лингвистика-математикалық және квантативтік, әлеуметтік сауалнама, концептуалдық талдау, ассоциативтік және эксперименттік әдіс-тәсілдерді қолдана отырып жүзеге асырылады. Мақаланың басты ұстанымы – түркітанудың ғылыми терминологиясы мен ғылыми-концептуалдық аппаратын оның дербес метатілі ретінде зерттеу.

Түйін сөздер: түркітану, сөздік, мета тіл, энциклопедиялық лұғат, термин, терминология, этнос, рухани-мәдени құндылық.

S. Bektemirova^{1*}, R. Auyeskhana², Zh.A. Akimisheva¹

¹Al-Farabi Kazakh National University, Almaty

²University of Hacettepe, Turkey, Ankara

*e-mail: saule.bektemirova77@gmail.com,

Formation and interpretation of the methodology of turkic science

The encyclopedic dictionary which includes scientific, conceptual, and terminological apparatus related to the study of modern Turkic people languages is one of the main measures to preserve the Turkic unity and identity in globalization. The formation of a systematic, competent representation of the Turks about historical and ethnic, cultural, political, linguistic, and geographical features helped to reveal the significance of the formation of historical consciousness. One of the main advantages of the encyclopedic dictionary is the study of Turkological scientific terminology and scientific-conceptual apparatus as its independent metatheme. Such research allows to determine the lexicological corpus in the Turkic languages, to form a systematic methodology of Turkological science, to use the scientific metalanguage, to work with conference materials, and to organize discussions. Specific features of the national mentality that creates a language image of the world can be distinguished in the word-formation system of this source. This wide research is carried out not only within the framework of linguistic science, but also at the intersection of anthropology, sociology, cultural studies, cognitive and geographical sciences. From this perspective, the scale of financing for this research is justified. For realization of the project, diachronous and synchronous, comparative-historical and diachronic-etymological, descriptive and contrastive, statistical, linguistic-mathematical and quantitative, social survey, conceptual analysis, associative and experimental methods of linguistic and geographical sciences. One of the main features of the article is the study of the scientific terminology of Turkology as a separate metalanguage.

Key words: Turkology, dictionary, metalanguage, encyclopedic dictionary, term, terminology, ethnos, spiritual and cultural value.

С.Б. Бектемирова^{1*}, Р. Ауесхан², Ж.А. Акимешева^{1*}

¹Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Казахстан, г. Алматы

²Университет Хаджеттепе, Турция, г. Анкара

*e-mail: saule.bektemirova77@gmail.com

Формирование и интерпретация метаязыка тюркологической науки

Энциклопедический словарь, включающий научно-концептуальный, терминологический аппарат, связанный с изучением языков современных тюркских народов, является одной из главных мер по сохранению тюркского единства, тюркской идентичности в глобализации. Формирование системного, грамотного представления тюрков об историко-этнических, культурных, политических, лингвистических, географических особенностях помогло раскрыть значимость формирования исторического сознания. Одним из главных преимуществ энциклопедического словаря является изучение тюркологической научной терминологии и научно – понятийного аппарата как его самостоятельной метатемы. Такие исследования позволяют определить лексикологический корпус в тюркских языках, сформировать системную методологию тюркологической науки, использовать научный метаязык, работать с материалами конференций, организовывать дискуссии. В словообразовательной системе данного источника можно выделить специфические особенности национального менталитета, создающего языковую картину мира. Исследование реализуется не только в рамках лингвистической науки, а также антропологии, социологии, культурологии, когнитологии и на стыке географических наук. С этой стороны обосновывается привлечение масштаба финансирования данного проекта. Для реализации проекта будут использованы диахронный и синхронный, сравнительно-исторический и диахронно-этимологический, описательный и контрастивный, статистический, лингво-математический и квантитивный, социальный опрос, концептуальный анализ, ассоциативный и экспериментальный методы лингвистических и географических наук. Одной из основных особенностей статьи является исследование научной терминологии тюркологии как отдельный метаязык.

Ключевые слова: тюркология, словарь, мета-язык, энциклопедический словарь, термин, терминология, этнос, духовно-культурная ценность.

Кіріспе

Сөздікте түркология ғылымы бойынша жарық көрген әлемдік және отандық мол ғылыми теориялық еңбектер мен түркі халықтарына тән бай көне ескерткіштер, мұралар, шежірелер, жәдігерлер, құнды дүниелерден жинақталған материалдар негізінде, түркітану ғылымы үшін құнды лингвомәдени әрі метатілдік ғылыми дереккөз болып табылатын түркітану терминдеріне қысқаша энциклопедиялық түсініктеме беріледі.

Қазақстандағы түркітану ғылымы метатілінің құрастырылуы мен түсініктемесі жоғары оқу орындарында жалпы түркітану, түркі тілдері бағыттары бойынша білім алушылармен ізденушілерге ғылыми ақпаратқа қол жеткізуге тура және оңай сілтей алады. Сонымен қатар пәнді меңгеруде лингвистикалық терминдермен танысып, оларды ғылыми тұрғыдан пайдалануды үйренеді (Bektemirova, 2017: 339-347).

Түркітанудағы терминдерді білмеу, бірыңғайлықтың болмауы, шатастырылуы, т.б.

Мақалада Алтай дәуірінен бастап қазіргі ең жаңа түркі дәуіріне дейінгі алты кезеңді

қамтитын мол ғылыми теориялық еңбектер мен түркі халықтарына тән бай көне ескерткіштер, мұралар, шежірелер, жәдігерлер, құнды дүниелерден жинақталған материалдар негізінде, түркітану ғылымы үшін құнды лингвомәдени әрі метатілдік ғылыми дереккөз болып табылатын түркітану терминдеріне қысқаша энциклопедиялық түсініктеме беріледі. Мақалада түркітану ғылымының базалық мәселелері, түркітану ғылымында қолданылатын атаулар мен ұғымдардың түсініктемесі, мән-мағынасы, сипаттамасы беріледі.

Мақаланың өзектілік негіздемесі және ғылыми жаңалығы отандық және әлемдік ғылым кеңістігіне өзгеше жаңа әрі тың дүниелердің зерттелуіне зор ықпалын тигізетін сөзсіз.

Жалпы қазақ тілі біліміне негізделіп жазылған ортақ сөздік ретінде С. Аманжоловтың «Диалектологиялық сөздігі», Л.З. Будаговтың «Сравнительный словарь турецко-татарских наречий», «Древнетюркский словарь», «Қысқаша этимологиялық сөздік», В.В. Радловтың «Опыт словаря тюркских наречий», Е.Н. Шипованың «Словарь тюркизмов в русском языке», М. Фасмердің «Этимологиялық сөздігі»,

К.К. Юдахиннің «Киргизско-русский словарь» сияқты қос тілді аударма және фразеологиялық сөздіктер түрлерімен қатар бірнеше лексикографиялық еңбектермен бірге қазақ тілінің зерттелу тарихи дәуірін А. Алекторовтың «Киргизская хрестоматия», И.И. Ильминскийдің «Материалы к изучению киргизского наречия», В.В. Катаринскийдің «Практические уроки русского языка для киргизов» және «Первоначальный учебник русского языка для киргизов», В.В. Катаринскийдің құрастырған «Краткий русско-киргизский словарь», П.М. Мелиоранскийдің «Краткая грамматика казак-киргизского языка», Н.Н. Пантусовтың «Материалы к изучению казак-киргизского наречия» және т.б. (Авакова, 2018: 46) еңбектерімен қатар ірілі-ұсақты сөздіктер мен сөздікшелер, анықтағыштарды ғана ауызға алғанымыз болмаса, жалпы Қазақстан түркітануында осы уақытқа дейін теориялық негізде жазылған бірде бір сөздік жоқ. Аталмыш ғылыми лұғат теориялық әрі практикалық тұрғыдан қазіргі түркітану ғылымы бойынша метатілдік ғылыми ақпараттарды қамтыған бірден-бір бірегей құнды еңбек болады деп ойлаймыз.

Ал жалпы түркітану бойынша жызылған этимологиялық сөздіктердің де орны бөлек. Мысалы 1878 жылы жарияланған Х. Бамберидің Түрік-татар тілдерінің этимологиялық сөздігі, 1969 жылы жарияланған Марти Расаненнің Түркі тілдерінің этимологиялық сөздіктерін жасауға кіріспе атты сөздігі, Г. Клаусонның Ескі Түркі ескерткіштерінен 13-і ғасырға дейінгі түркі тілінің этимологиялық сөздігі секілді еңбектердің маңызы зор.

Кез келген халықтың тілінен, мәдениетінен, әдебиетінен, этнографиясынан, тарихынан мол хабар беретін, халқымыздың атам заманнан етене бірге жасасып, бірге өмір сүріп келе жатқан тіліндегі сөз байлығын тізіп, халықтың айнасы болып саналатын – лұғаттар. Сөздіктерді зерттейтін ғылым саласылұғаттардың тізбесі ретіндегі рөлді ғана атқармайды. Сөздікке енгізілген атаулар белгілі бір кезеңдегі халықтың әдет-ғұрп, салт-дәстүрінен, дүниетанымынан хабар беретін құнды жәдігер болып саналады.

Материал және әдістер

Жалпы түркітану бойынша негізгі ғылыми еңбектердегі терминдік сипаты бар ғылыми ұғымдарды жинақтау, сұрыптау, түсіндіру, талдау тәсілдерімен қатар салыстырмалы және

салғастырмалы, тарихи және сипаттамалы тіл білімі әдістерін басшылыққа ала отырып құрастырылып, түсініктемелері берілді. Сөздікке негіз болған ең маңызды еңбектерді төмендегідей көрсеттік:

А.С. Аманжоловтың соңғы жарық көрген кітаптарының бірі Түркі филологиясының негіздері атты ғылыми оқулығы жалпы түркі филологиясына, түркітанудың өзекті мәселелеріне, түркі тілдері мен халықтарының пайда болуы генезисіне, жеке бөлініп шығып, ұлттық статусқа ие болған түркі тілдерінің өздеріне тән тілдік ерекшеліктеріне, көне руникалық жазуының тарихына, жазба ескерткіштердің тілдік жүйесін талдауға арналған.

Ә. Қайдар, М. Оразовтың Түркітануға кіріспе атты оқу құралы жоғары сұранысқа ие кітаптардың бірі. Қазақ тіл білімінде өзіндік орны бар белгілі ғалым, түркітанушы Ә. Қайдар мен М. Оразовтың бұл еңбегі түркі тілдерінің жекелей ерекшеліктеріне, түркі тайпаларының саяси және географиялық жағдаятына, түркітану ғылымының даму және қалыптасу кезеңіне жақсы тоқталған еңбек.

К. Бикұмардың Қазақ халқының салт-дәстүрлері атты еңбегі. Моңғолиядан шыққан белгілі қазақ ғалымдарының бірі – Бикұмар Кәмалашұлы. Өзінің саналы ғұмырында қазақ халқының салт-дәстүрлерін жинап, ел есінен ескіре бастаған жоралғы, атауларды жинақтап соларға анықтама беріп қазақ салт-дәстүрлерінің энциклопедиялық еңбегін жасаған еді. Аталмыш еңбекте түркітануға қатысты тас мүсін, бал бал тас, мықтың үйі, оба секілді терминдерін алдық.

Ғ. Айдаровтың Көне түркі жазба ескерткіштерінің тілі еңбегі. Белгілі ғалымның бұл еңбегі атының өзі айтып тұрғандай көне түркі ескерткіштерінің тіліне арналған. Ғалым өз еңбегінде Енисей, Талас, Орхон ескерткіштеріне жүйелі малұмат бере отырып, көне түркі руникалық жазба ескерткіштері материалдарын негізге ала отырып, оларды жеке-жеке жіктеп, ескерткіштер тілінің фонетикалық, лексикалық, грамматикалық ерекшеліктерін анықтап, ғылыми дәйектемелермен түсіндіреді. Осы арқылы көне түркі тілінің қазақ тіліндегі оқулығын жазды деп бағаласақ артық емес. Сонымен қатар еңбекте көне түркі әліпбиі жан-жақты талданып, көне түркі таңбаларының оқылуын жүйелеп бір негізге түсірген өзінің кестесін ұсынады. Еңбек 1986 жылы жазылса да өзінің маңызын әлі күнге дейін жойған жоқ.

Қ. Сартқожаұлының Орхон мұралары еңбегі. Еліміз тәуелсіздігін алуымен байланысты Қазақстан түркологиясы қарқынды даму жолына түсті.

С.Г. Кляшторныйдың Древнетюркские рунические памятники как источник по истории средней Азии еңбегі. Ресейдің қазіргі түркологиясының белгілі өкілі, ғалым С. Кляшторныйдың бұл еңбегімен таныса отырып, көне түкі ескерткіштеріне ұсынған жіктемесін алып отырмыз. Бүгінде түркітануда көне мұраларымызды бұрынғы тенденция бойынша Орхон, Енисей, Талас дейтін үш топқа ғана бөлушілік бар. Ғалымның осы еңбегінен біз бұл топтаудың үшеу емес жетеу болғандығын көреміз.

Әдебиеттерге шолу

Лұғатты түзу қадым заманнан бері келе жатқан, әр дәуірден сыр шертетін жәдігер. Тарих бойында әр сөздіктің жасалу мақсатына, өзгеруі және түрленуіне, ақпараттың қажеттілігіне сәйкес сөздік түрлері де дамып отырды. Лұғаттың ең алғашқы қайнар көзі сөздің түсініктемесін берумен бастылып, сөздіктер тілдік сөздік, түсіндірмелі сөздік, аударма сөздіктері секілді қоғам дамуына байланысты үнемі даму үстінде болды. Заман талабына сай жарық көрген сөздіктерді түзуде тарихи-диахрондық лұғаттардың да сабақтастығы әлі күнге дейін маңызды әрі құнды.

Түркі тайпалары туралы лингвистикалық, тарихи-этнографиялық, фольклорлық деректерді белгілі жүйеге келтіріп жазған алғашқы ғылыми еңбектер – Махмұд Қашқаридың Диуани лұғат-ит түрк (ХІ ғасырдың 2-жартысы) атты сөздігі, Жүсіп Баласағұнидің Құтадғу білік (1069 ж.) атты әдеби дидактикалық шығармалары, ортағасырдағы түркі халықтарының тарихынан, шығу тегінен мәліметтер берген Мұхаммед Хайдар Дулатидың Тарихи Рашиди, Қадырғали Жалайыридың Жылнамалар жинағы, Рашид-ад-Диннің Жами ат-тауарих т.б. шығармалары жатады (Авакова, Бектемирова, 2018: 9).

Лұғаттардан тарих беттерінде болған небір оқиғалар туралы ақиқатты біле алмаймыз, онда өткен оқиғалар жайлы хабар берілмейді, лұғатта жеке атаудың семантикасы, жеке сөздің белгілейтін ұғымдық категориясы бейнеленеді. Бұның өзі сол тарих қойнауындағы болған оқиғадан мол ақпарат бере алады. Халық тіл біліміне халықтар тарихындағы тілдің сыртқы келбеті туралы білімдер мен түсініктер кіреді

(Құбылай, 2018: 11). Сондықтан лексикография тарихында әртүрлі аударма сөздіктер, түсіндірме сөздіктер, салыстырмалы сөздіктер, салғастырмалы сөздіктер, т.б. жасалған.

Махмұд сөздігі – өз заманы ғана емес, күні бүгінге дейін ғылыми мәнін жоймаған, түркі тілдерінің тарихын зерттеуде таптырмайтын бірден-бір тарихи материал. Мұнда бай тілдік материалдармен қатар түркі халықтарының сол кездегі қоныс ыңғайлары мен этнографиялық жақтарынан да құнды материалдар бар. Сөздік алфавит тәртібімен емес, буын саны тәсіліне қарай жасалған. Махмұд сөздігі әдеттегі сөздіктер сияқты тек лексикалық материалдармен ғана шектелмейді, ол – өте кең мазмұнды зерттеу. Мұнда түркі тілінің сөз қолданысы, оның семантикалық, дыбыстық, грамматикалық сипаттары, бір-біріне ұқсастық, өзгешеліктері жан-жақты ғылыми ұстамды қолдана отырып жазылған – түркілердің алғашқы энциклопедиясы (Авакова, Бектемирова, 2018: 93).

Түркі тектес халықтардың тілдері жайлы алғашқы ғылыми тұжырымдар, көзқарастар біздің заманымыздың алғашқы кездерінен-ақ айқындала бастаған. П.М. Мелиоранский ХІХ ғасырдың соңына таман жарық көрген Араб-филолог о турецком языке атты еңбегінде мұндай тілдік мәліметтердің араб тілді ғалымдардың еңбектерінде көптеп кездесетіндігін, әрі сол еңбектерге мән беру керек екендігімізді тілге тиек етеді.

Араб тілінде, араб графикасымен жазылған түркологиялық еңбектерде түркі тілдерінің салыстырмалы, салғастырмалы сөздіктерін жасау, шағын көлемді грамматикалық очерктерін жазу саласында едәуір еңбектер сақталған. тіл теориясы ғалымы В.М. Алпатовтың «салыстырмалы-тарихи тіл білімі еуропада ХІХ ғасырдың І жартысында ғылым ретінде қалыптасса, түркілер бұл саланы М. Қашқаридің Диуанында бұдан әлденеше ғасыр бұрын (ХІ ғ.) қалыптастырғанын, түрлі қоғамдық-саяси факторлардың салдарынан әлем ғылым кеңістігінде бұл жаңалық ескерілмегенін, бұл салада әлі ғылымға қосылатын үлестің зор» екендігін атап көрсететін көзқарастар да жоқ емес.

Араб ғалымдары Махмұдтың Диуанынан кейін де бірнеше салыстырмалы сөздіктер жасаған. Сондай сөздіктің бірі – Абулқасым Махмұд ибн Омар (туған, өскен жері атымен Әл-Замахшаридеп те атайды) жасаған «Муккаддимат әл-адаб» - «Әдебиетке кіріспе» деп аталатын арабша-парсыша-түрікше-моңғолша сөздік.

Біздің заманға жеткені – 1305, 1392 жылдары жазылған көшірмесі. Сөздіктің түркіше бөлімі орыс тілінде 1938 жылы Мәскеуде басылды.

Келесі бір сөздік 1343 жылы Египетте жасалған түрікше-моңғолша-парсыша салыстырма сөздік. Біраз ғалымдар арабша «Китаб мажму таржуман түрки ва ғажами, ва мұғли» деп аталатын бұл сөздіктің авторы белгісіз десе, П.М. Мелиоранский «Араб-филолог о турецком языке» атты еңбегінде сөздіктің авторы Мұхаммед ибн Қайса дегенді айтады.

Араб тілінің маманы Абу Хаййан 1312 жылы Каирде «Китап ал-идрак ли-лисан ал-атрак» (түркі тілдерінің түсіндірме кітабы) атты қолжазба түрінде сақталған бұл еңбектің бір вариантын 1891 жылы түрік ғалымы Мұстафа Стамбулда бастырып шығарады.

XIV ғасырдан сақталған тағы бір материал – араб ғалымы Жамал-Аддин Мұхамед ат-Түрки жазған «Түрік, қыпшақ тілдерін жақсы оқып үйренуге жазылған кітап» деп аталатын сөздік. Бұл – қыпшақ, оғыз тілдерін үйренушілерге арналған оқу құралы іспеттес араб-қыпшақ сөздігі. Қолжазба Париж кітапханасында сақтаулы.

Нәтижелер мен талқылау

Алтаистика – алтай тілдерінің және фин-угор, жапон, корей т.б. тілдерінің шығу тегін, туыстық қатынасын, даму барысын, байланыс-қатыстылығын кең көлемде зерттейтін жалпы тіл білімінің салыстырмалы дербес саласы. Оның мақсаты – тіл біліміндегі тарихи салыстырмалы әдісті қолдана отырып алтай тілдер тобына жататын тілдердің бір-бірімен туыстық жақындықтарын айқындау. Алтаистика мәселелерімен айналысатын арнаулы халықаралық комитет бар. Бұл комитет жыл сайын «Тұрақты интернационалдық алтаистика конференциясы» атты жиын өткізіп тұрады (Monumenta altaica, 2002-2021).

Алтай тілдері тобы туралы мәліметтер, алғашқы болжамдар, пікір-ұсыныстар Ф.Ю. фон Страленберг, В. Шотт, Ф.Е. Вилеман, О. фон Беллингк, Г. Винклер, М.А. Кастрен, Ю. Немет, В. Банг, И. Грунцел, А. Вамбери т.б. зерттеушілердің еңбектерінде айтыла бастады. Алтай тіл білімінің тиянақталып қалыптасуына, дамуына түркітану, моңғолтану, тұңғыс-манчжұртану салаларындағы ғылыми іргелі зерттеулер, нақтылы тілдік деректердің жариялануы көп септігін тигізді. Сөйтіп, осы тілдердің матери-

алдарын өзара салыстыра зерттеудің барысында фонетикалық, лексикалық, морфологиялық, синтаксистік деңгейде сәйкес құбылыстар мен ортақ тілдік заңдылықтар айқындалды. Мұндай тіларалық ұқсастықтар мен ортақ белгілердің нәтижесінде олардың генеалогиялық тектестігі айқындалды. Халық тіл біліміне халықтар тарихындағы тілдің сыртқы келбеті туралы білімдер мен түсініктер кіреді (Авакова, Бектемирова, 2018: 67).

Алтай тілдері теориясы, бүгінгі таңда дәлелденбеген, гипотезалық тұжырымдама. Алтай тілдерінің Орал тілдерімен туыстығы көптеген түркітанушылар, мажартанушылар тарапынан зерттеліп, Алтай-Орал тілдерінің өзара туыс емес екендігі анықталды. Ал Алтай тілдері болып саналатын түркі, моңғол, тұңғыс-манчжұр және жапон, корей тілдерінің арасындағы тілдік туыстықтың жоқтығын, оларда географиялық ұқсастықтың жақын екендігін ұстанушы ғалымдар да бар. Қазіргі таңда түркітануда алтай тілдері терминімен қатар тілдердің туыс еместігін ұстанушы ғалымдар тарапынан «трансеуразия тілдері» термині қолданылуда.

Алтайлық тек тіл теориясы – бұл теория бойынша, қазіргі түркі, моңғол, тұңғыс-манчжұр тілдері алтай дәуірінде бір тілден тарап өрбіген, шығу тегі бір, төркіндес болып есептеледі. Бұл төркіндестікке жапон, корей тілдері де қатыстырылып келеді. Алтайлық тек тіл теориясы тарихи-салыстырмалы және тарихи-типологиялық тәсілдермен зерттелгендіктен теориялық екі бағытқа айналды. Бірінші бағыт өкілдері – қазіргі түркі, моңғол, тұңғыс-манчжұр, жапон, корей және фин-угор тілдерінің о бастағы шығу тегінің ортақтығын дәлелдесе, екінші бағыт өкілдері – осы тілдер әу бастан бүгінге дейін жеке-жеке тілдер ретінде дамыды (немесе бір тілден екінші тіл туындаған) деп есептейді. Зерттеушілердің басым көпшілігі бұл тілдер әуелі «бір негіз тілден» салаланып дамыған деген теориялық тұжырымды дәлелді деп санап, тарихи-салыстырмалы тәсілдің оң нәтиже беретіндігін, аса мол тілдік деректердің сәйкестігін алға тартады (Авакова, Бектемирова, 2018: 68).

Араб тіл біліміндегі жаңа теориялық тұжырымды қазақ ғалымы профессор Б. Базылхан ұсынды. Оның «өзек тіл» деп атаған түркі, моңғол (қазақ, моңғол) тілдерін және тұңғыс-манчжұр, жапон, корей тілдерін тарихи-салыстырмалы әдіспен зерттеуі нәтижесінде мынандай қорытынды жасады: әу баста алтайлық

бір текті тіл болды. Осы біртекті тілден қазіргі алтай төркіндес түркі, моңғол, тұңғыс-манчжұр, жапон, корей тілдері эволюциялық дамудың үш дәуірін («ым тілі» дәуірін; «келте сөз» дәуірін; «күрделі сөз» дәуірін) бастан кешіріп, қазіргі дербес тілдер деңгейіне жетті. Зерттеуші ғалымдар түркі, моңғол, тұңғыс-манчжұр тілдерінің туыстығын, ортақтығын, жалпы заңдылықтарын тілдің нақтылы фактілерімен айқындап, дәлелдеп келеді. Соның ішінде, әрбір тілдің сөзжасам жүйесіндегі түбір және қосымша морфемалардың сәйкестігі ең өзекті, басты туыстық қатынастардың дәлелі ретінде зерттелді (Базылхан, 2005: 102).

Арғы жазба – мнемоникалық таңбалар жүйесі. Сөйлеуді тікелей жеткізбейді, бірақ кейбір мәліметтерді қабылдаушы адамның есіне салуға, немесе оған түсінік беруге қызмет етеді. Неолит дәуіріне тән суретті-синтетикалық жазулар. Арғы жазба деп шумерлердің, египеттіктер мәдениетіндегі суреттерін де арғы жазба ретінде санаймыз.

Ата түркі тілі – ежелгі түркі тайпаларының тілі, ол жекелеген түркі тілдерінің біраз өзгеруі нәтижесінде салыстырмалы-тарихи әдісті қолдануының нәтижесінде анықталады. Қазіргі түркі халықтарының тілінің ұқсастығы, туыстығының түбірі болып табылады. Түркі тілдерінің тарихи дамуына қатысты Қазақстан түркітануында негіз ретінде алтай дәуірі, ескі түркі, орта түркі, жаңа түркі және қазіргі түркі кезеңдерін аламыз. Түркия түркологтары түркі тілінің тарихи дамуын негізінен ана алтайша, ескі түрікше, орта түрікше, жаңа түрікше және қазіргі түркі тілдері деп жіктейді. Ал тілші ғалым А. Жафәроғлы тоғыз дәуір ретінде алтайша, ең ескі түрік тілі, алғашқы түркі тілі, ата бұлғар тілі, ата түрік тілі, ескі түрікше, орта түрікше, жаңа түрікше және қазіргі түркі тілдері деп қарастырады.

Ачит нуур түрік бітік тасы – қазіргі Моңғолияның Увс аймағы, Бөх мөрөн аумағы, Ачит көлінің батысындағы Шанган хэв деген жерден табылған. Үш бітік тас шығысқа қарап қатар орналасқан. Қазіргі уақытта Табылған орнында тұр. Бітік тастарды 1979 жылы моңғол археологі Н. Сэр-Оджав тапқан (Базылхан, 2005: 414).

Әріптік жазу – жазулардың дамуы барысында буын жазуынан кейін пайда болған жазу түрі. Жазудың алғашқы түрлерімен салыстырғанда әлдеқайда жақсы дамыған, адамзатқа қолайлы жазу түрі осы әріп немесе дыбыс жазуы. Әріп жазуы – сөздерді ғана емес, сонымен бірге,

олардың дыбыстық жағы мен грамматикалық формаларын да дәлме-дәл белгілеу үшін өте қолайлы жазу (Аханов, 2002: 548).

Бага ойгор түрік бітік-жазуы – Моңғолия, Баян-Өлгей аймағының Ұлан-құс ауылының Бага ойгор деген жердегі жартасқа жазылған. Ескерткіш атауындағы бага сөзі моңғол тілінде кіші деген мағынаны білдіреді. Табылған жердің атауына сәйкес осылай аталып кеткен. Ескерткішті 1995 жылы Моңғолия-Америка-Орыс мемлекеттерінің «Ежелгі Алтай» проектісі бойынша зерттеу жүргізген экспедиция мүшелері Д. Цэвээндорж, Э. Якобсон, В.Д. Кубарев секілді ғалымдар тапқан. Жалпы бұл жартастарда көне түрік бітік жазуымен қоса 100-ге жуық петроглиф-суреттер бар (Базылхан, 2005: 432).

Бұғы тастар – көшпелі халықтар қадым заманнан бері қарай табиғи тастарды өнер деңгейінде пайдаланып келген. Оған бүгінге жеткен тас жәдігерлер куә. Қазақтар көне дәуірден бұғыны киелі санап, оны бағалы, қастерлі аң ретінде санаған. Бұғы аңын тау-тастардың, жартастардың, орманның иесі ретінде оны ерекше қастерлеген. Бұғыны атпаған, атса, оның киесі ұрады деп санаған. Бұғы аңын адамзат баласына теңеген. Сондықтан болар ерте кезде киелі бұғыларға табынушылық болған. Бұғылардың бейнесі бейнеленген тастар, жалпақ жер тастардың көп болуы да содан болуы керек. Ол сол тастарға қашалып салынған. Тастарға әшекейлеп салған мүйізді бұғы бейнелерін Қазақстанның көптеген аймақтарынан кездестіруге болады. Осылайша қашалып бұғы суреті салынған тастарды халық «бұғы тастар» деп атаған.

Долған тілі – Краснояр өлкесіндегі Таймыр ұлт округын мекендейтін саны бес мыңдай түркі ұлысының саха тіліне жақын ауызекі сөйлеу тілі. Долғандар эвенк сөздерін араластырып, саха тілінің жеке бір диалектісінде сөйлейді.

Шамамен 7000-дай сөйлеушісі бар Долған тілі солтүстік Сібір тілдерінің ең солтүстікдегі өкілі. Якут тіліне жақындығымен белгілі. Кейбір ғалымдар Долған тілін саха яғни якутшаның бір диалектісі ретінде қарастырады, ал кейбір зерттеушілер Долған тілін жеке тіл ретінде зерттейді (Johanson, 2001: 50).

Жалпытүркілік сөздер – түркі тілдердің бәріне ортақ сөздер. Олардың түркі тілдеріндегі түр-тұлғасында дыбыстық ерекшеліктері бар (Бас/баш, ау/ағ, тау/тағ т.б.).

Түркі тектес тілдердің бәріне ортақ сөздер. Олардың түркі тілдеріндегі түр-тұлғасында дыбыстық ерекшеліктер бар. Жалпы түркілік

сөздер түркі тілдерінің негізгі сөздік қорына кіреді. Мысалы: қазақша -тіс, өзбекше -тиш, татарша -теш, ұйғырша -тиш, чиш, туваша -диш, хакасша – тіс (Қалиев, 2005: 218)

Көне түркі тілі – көне түркі руникалық жазба ескерткіштерінің тілі, түркі халықтарының ең бірінші жазба әдеби тілі. Көне түркі руникалық жазба ескерткіштері тілінің негізгі сөздік қоры, тілдің ішкі салаларын қамтитын жүйесі ортағасырлық, сонымен қатар қазіргі түркі халықтары тілдерімен ортақ болып саналады. Көне түркі тілдеріне тән негізгі белгілер буын және сөз үндестігінің болуы. Ал грамматикалық жүйесінде сөзжасам мен түрлендіру, сөз таптары мен сөйлем мүшелері, сөз тіркесі мен сөйлем түрлерінің сипаты қазіргі түркі тілдеріне жақын (Аманжолов, 2012: 46).

Көне түркі тілінің негізгі жазба ескерткіштері болып саналатын Күлтегін, Білге қағанға, Тоныкөкке арналған ескерткіш мәтіндеріне зер салып қарасақ сол ерте заманның өзінде әдеби тіл мәртебесінде болғандығы көне түркі жазуының сол заманнан көп уақыт бұрын туып, әбден қалыптасқанын көрсетеді. Аталмыш ескерткіштер мәтнінде теңеу сөздер, метафоралар, бейнелеуіш мәндегі көркем сөздердің көп ұшырасатындығы зерттеушілерді бұлар поэзиялық дастандар деген тұжырым жасауға әкелді. Осылардың барлығы көне түркі тілі сол көне дәуірде сөздік қоры бай, күнделікті лексикадан тыс әдеби тіл деңгейіне де дейін көтеріле алған тіл екендігін дәлелдейді.

Көне ұйғыр жазба ескерткіштері – ұйғырлардың көне замандағы жазба мұралары. Түркі халықтарының ішінде ұйғырлардың жазу дәстүрі V ғасырдың бас кезінен қалыптаса бастады. Көне ұйғыр жазба ескерткіштеріне манихей, будда, христиан және мұсылман идиологиясының көркем және діни философиялық т.б. туындылары жатады. Ұйғыр халқының тарихын, рухани мәдениетін зерттеп білуде олардың мәні зор. Көне ұйғыр жазба ескерткіштері 3 түрлі әліпбиімен жазылған. Олар: 1) тасты қашап жазуға икемделген руналық орхон әліпбиі; 2) жаңа соғды әліпбиі негізінде жасалған көне ұйғыр әліпбиі; 3) араб әліпбиі. Мұның біріншісімен «Мойын-Чур» немесе «Селенга тасы» (VIII ғ.) мен Суджи қойнауынан (IX ғ.) және Тұрфаннан (Шығыс Түркістан) табылған жазба ескерткіштер жазылған. Көне ұйғыр жазба ескерткіштерінің көпшілігі көне ұйғыр әліпбиімен жазылған. Мұндай ескерткіштердің кейбір нұсқалары Санкт-Петербург, Москваның

шығыстану институттары, шетел кітапханалары мен музейлерінде (Берлин, Лондон, Париж т.б.) сақтаулы. Мыс., «Манихейлердің тоба ету дұғасы» (V ғ.), христиандық мазмұндағы «Жәдігөйлердің табынуы» (VIII ғ.) т.б. Көне ұйғыр жазба ескерткіштерінің ішінде қытай, тибет, үнді, тохар тілдерінен аударылғандары да бар («Алтун ярук» қолжазбасы). Көне ұйғыр жазба ескерткіштерінің ең мол саласы – X-XIII ғасырда Тұрфан алқабындағы ұйғырлар өмірінен құнды мәлімет беретін заң документтері. XI ғасырда ислам дінінің кең таралуына байланысты ұйғырлар араб әліпбиімен қабылдай бастады. Дегенмен, ұйғыр әліпбиі көп уақытқа дейін араб әліпбиімен қатар қолданылып келеді. Мысалы, «Құтадғу білік», «Ғибату-л- хақайк» ескерткіштері көне ұйғыр әліпбиімен де жазылған. Көне ұйғыр жазуы Орта Азия мен Хорасанда, Алтын Ордада XVI ғасырға дейін, сары ұйғырларда XVIII ғасырдың басына дейін қолданылды (Қазақ тілі. Энциклопедия, 1998: 202).

Қытайдағы түркология – көне түркі халықтарының тарихын зерттеу деп түсінген жөн. Қытай ғалымдарының түркологиялық зерттеулері кейінірек қолға алынғанымен, олардың түркі халықтарын зерттеуі біршама ерте басталған. Сонау 1911 жылы Цин империясының Құлынға (қазіргі Ұланбатыр) жіберген ұлығы Сандо жер-суды аралап жүрген кезінде Күлтегін ескерткіштеріндегі таңба жазуларды “*tuο uip*” тәсілімен 200 нұсқа етіп қағазға түсіріп алады да, оны өз достарына сыйлайды. Ол «Күлтегін ескерткіші» деген атпен мақала жазып, сол кездегі «Әдебиет – көркемөнер» журналының 8 санында жариялайды. Аталмыш ескерткіштегі түркіше мәтінді аударып, түсініктер беру Хань Жулинь деген профессордан басталды. Оның аудармасында неміс тіліндегі аталмыш екі ескерткіштің аударма мәтіндері пайдаланылды, әрі ол қытайша мәтінмен салыстырыла зерттеледі. 1977 жылы Қытайдағы түркі тілдері маманы, Орталық ұлттар институтының профессоры Гэн Шиминь жоғарыда аталған ескерткіштердің мәтінін тікелей көне түркі тілінен аударып, «Ертедегі түркі жәдігерліктерін талдап оқу» атты кітап шығарды. 1981 жылы Линь Гань жазған «Көне түркі тіліндегі ескерткіштер» атты еңбекте моңғолдар үстемдік еткен Юань хандығынан бергі Қытайдағы түркі ескерткіштерін байқау мен зерттеуге байланысты жағдайлар, түркі ескерткіштерінің ерекшеліктері мен олардың тарихи деректемелік мән-мәнісі баяндалды. Түркологтардың пікірінше Қытай

территориясындағы Ішкі Моңғолияда да көне түркі мұралары болып саналатын жәдігерлер көп екен. Әрине ол ескерткіштер өз зерттеушілерін күтіп тұр (Бектемірова, Ауесхан 2016: 76-77).

Лағзын – байырғы түркі күнтізбесі бойынша доңыз жылы. Зерттеуші Ж.Клаусонның «12-і ғасырдан бұрынғы көне Түркі тілінің сөздігі» еңбегінде де лағзын атауы аталады. Он екі хайуандық жылнамадағы доңыз жылының ескі атауы (Clauson, 1972: 427).

Дүниежүзіндегі түркітану ғылымының бір саласы Монғолияда дамығандығы белгілі. 1950 жылдардан бастап, Моңғолия жерінде түркітану саласы көне түркі жазба ескерткіштерін археологиялық қазба-байлықтар арқылы зерделеу мен көшпенді халықтардың өмірі мен тұрмыс-тіршілігін, мәдениетін зерттеуден басталғандығы белгілі. Осы жылдары моңғол түркітанушы ғалымдары тарапынан ғылыми экспедициялар ұйымдастырылып, көне түркі жазба ескерткіштерін іздестіру, жариялау, оқу, ғылыми тұрғыдан жүйелі зерттеу істері басшылыққа алынды.

Мықтың үйі – оны көшпелі халықтар әртүрлі атайды. Тыбалар «қорым», моңғолдар «оба», «хиргисүүр» енді біреулері «қорған» десе, қазақтар байырғы тілінде «мықтың үйі деп атайды». Оны кейбір болжам айтушылар, бұл хан, қаған, бағадүр, әскер, ел басшыларының үйі, яғни «мықтылардың үйі» деп те түсіндіреді. Мықтың үйі немесе обалардан көбінде адам, ат сүйегі, әртүрлі ыдыс-аяқ, түрлі әшекей бұйымдар табылған. Мықтың үйінің саны да түрі деп көп. Олардың бір тобының сыртқы ауласы, төрт бұрыш тастармен қоршалған, ортасында мықтың үйі орналасқан. Мұны түркі дәуіріне жатқызамыз. Себебі түркі дәуірінде «төрткүл» дүниені, төрт бұрыш қоршаумен «дүниенің төрт бұрышы» деп көрген деседі. Ал ешбір қоршаусыздарын ғұн, сяньби, жужан дәуірінің мұралары деп көреміз (Бикұмар, 2013: 722).

Өлі тіл – қолданудан шыққан, жазба ескерткіштер мен жазбалардан ғана белгілі, сөйлеушілері жоқ тілдер. Белгілі бір тіл қоғамдық қызметін доғарып, қолданыстан шықса тілдің өлу үрдісі басталады (Crystal, 2008: 267). Өлі тілдер – жазба нұсқалар немесе жазба ескерткіштер негізінде белгілі болған, бірақ қазір қолданыстан шығып қалған тілдердің шартты атауы. Көне түркі ескерткіштерінің тілін түркі тілдерінің өлі тілдері қатарына жатқызамыз.

Өртеңбұлақ көне түрік мәтіні Моңғолиядағы Баян-Өлгий аймағының Ұланқұс сұмының

Өртеңбұлақ деген төбешіктің үстінен табылған және табылған орнында. Мәтін 7 таңбадан және бөлек қашалған 3 және 1 таңбадан тұрады. Түрколог ғалым Н. Базылхан 1999 жылы тауып зерттеген.

Руна жазуы – сібір руникаларының шығу тегін зерттеу Орхон ескерткіштерінің дешифровкасын жасаумен сәйкес уақытта жасалды. Н.А. Аристов, В. Томсен, В.В. Радлов, А.М. Щербак, С.В. Киселев, А. Стейндердің көне түркі жазуының шығу тегі туралы айтқан пікірлерін келтіре отыра ғалым өз еңбегінде көне түркі әріптік жазуын әубаста жасау ойы (идеясы) түркілердің батыстағы көршілері орта Азияны мекендейтін иран тілдес арамей жазуын қолданатын халықтардан алған деген пікірін айтады (Севортян, 1974: 34).

Сондай-ақ ғалым (Кляшторный, 2003: 77) осы еңбегінде түркі руникасының дамуын үш кезеңге бөліп көрсетеді. Олар:

1. Көне. Жетісу және Енисей ескерткіштері

2. Классикалық ескерткіштер. Бұл топқа II Түрік қағанаты кезеңіне жататын ескерткіштерді жатқызады. Уақыты жағынан VIII ғасырдың I жартысын қамтиды.

3. Кейінгі кезең – Ұйғыр қағанаты дәуіріндегі мұралар (VIII-IX ғғ.) және Шығыс Түркістаннан табылған қағазға жазылған руналар (IX ғ.) Бұл топқа Суджин жазуларын да қосады.

Түрік бітік – ежелгі таңбалық (графемдік) болмыстан бастау алып, соған тура негізделініп жасалынған, көне түрік тілінің табиғатын дәлмедәл таңбалай білген «фоно-морфемдік» жазу әрі көптеген түрік диалектілерін бір емлеге бағындырған әмбебап таңба-әріпті, оқылымды ықшамдай алған төте жазу (Түркі тілдері, 2002: 46).

Эпиграфика – тас, металл, сүйек, сазбалшық және т.б. бұйымдарға салынған таңбаларды зерттейді (Бектемірова, Ауесхан 2016: 118).

Эпитафиялық ескерткіштер – Қырғыз елінің шығыс жақ бөлігіндегі Талас өзені бойынан, Тува, Хакас тарапындағы Енисей өзені бойынан, Алтай өңірінен табылған ескерткіш тастар, күміс тостағандар, көне бұйымдардағы жазулар. Осы аталғандардың ішінде Моңғолия еліндегі Орхон өзені бойынан табылған, ғылыми зерттеулер негізінде жазылу мерзімі белгілі, түркі және қытай тілдерінде жазылған ескерткіштер (VIII ғ.) эпитафиялық ескерткіштердің негізгісі болып саналады. Қазіргі уақытта эпитафиялық ескерткіштер қатарына қабірдің басына естелік сөздер қашалып жазылған ескерткіш тастарды да жатқызамыз.

Қорытынды

Қазақстандағы түркітану ғылымы метатілінің түсініктемесі берілген энциклопедиялық лұғат тіл білімі тарихы, тарихи грамматика, жалпы тіл білімі, тарих, философия, әлеуметтану, антропология, өнер тарихы, география, палеография (жазу), дипломатия, эпиграфия (ескерткіштерді зерттеу), ономастика, фразеология ғылымдарымен өзара байланысты зерттеу жүргізуге мүмкіндік береді. Аталған ғылымдардың ортақ тұсы, барлығы да адаммен байланысты, яғни антропологиялық сипатқа ие. Адам қолымен жасалған дүниенің барлығы мәдени мұра екендігі күмәнсіз. Сондықтан атабабамыздан бізге дейін жеткен тарихи мұралар: олардың ойлары мен идеялары, қолданылған этнографиялық құралдары мен ескерткіштер, тастағы жазулар, кесенелер, ауыздан ауызға жеткен ертегілер, жырлар, аңыздар, шығармалар бір ғана лингвоэтнокалық қауымдастықтың ғана емес, тұтас адамзаттың өшпес мәдени мұрасы, өркениетінің көрсеткіші болып табылады.

Ғылыми еңбектің басты ерекшеліктерінің бірі түркітану ғылымы терминологиясын оның дербес метатілі ретінде зерттеуде. Мұндай зерттеулер түркі тілдеріндегі сөздердің лексикологиялық корпусын анықтауға, сонымен қатар, түркітану ғылымының жүйелі әдіснамасын қалыптастыруға, әлеуметтік пікірлерді, ғылыми метатілді қолдануды, конференция материалдарымен жұмыс істеуді, диспуттар ұйымдастыруға мүмкіндік береді. Қазіргі түркі

терминдерінің жиынтығы, олардың тарихпен байланысы нақты жүзеге асыруға болатын зерттеу жобасы болып табылады. Өлбетте, адамзат мәдениетінің дамуында әртүрлі сөздіктер жасалған. Олар әртүрлі мақсатты көздеген, алуан түрлі жүйе мен құрылымда түзілген. Сөздікте тілдік таңбалар арқылы бейнеленген халық дәстүрі таңбаланған [14, 98]. Сөздік арқылы халықтық үлгілер хатқа түсіп, халықтық білім мен біліктің шежіресіндей рөл атқарған. Осы тұрғыдан С.Б. Бектемирова мен Р. Әуесханның бірігіп жазған «Түркітану: қысқаша энциклопедиялық лұғат» атты еңбегінің құндылығы өте жоғары.

Қазіргі түркітану, соның ішінде Қазақстан Түркологиясындағы ең маңызды мәселелердің бірі терминдер. Түркітану ғылымы тек тарапты емес, өз ішінде тарих, тіл білімі, мәдениеттану, археология, социология, антропология, шығыстану секілді көптеген ғылымдардың тоғысуынан жасалғандықтан бұл салада терминдерді білу, дұрыс түсіну, айырмашылықтарын ажырату өте өзекті. Осы тұрғыдан түркітанудағы ең негізгі терминдерді энциклопедиялық тұрғыдан түсіндіру, қазіргі әлемдік түркологиялық маңызды еңбектермен толықтырып, пайымдау үйретуге негізделген зерттеуіміздің нәтижесінде 2016 жылы Қазақ Университеті баспасынан Түркітану: қысқаша энциклопедиялық лұғат атты еңбегіміз жарық көрді. Бұл мақалада осы еңбек тұрғысынан Қазақстандағы түркітану ғылымы метатілінің құрастырылуы мен түсініктемесін ашып көрсетуге тырыстық.

Әдебиеттер

- Bektemirova S. Teaching «The Introduction to linguistics» (on the Basis of Tables and Drawings). *Man in India*. Volume: №97 (2017). Issue: №11. – Page: 339-347.
- Kubilay A. Folk Linguistics *Folk Linguistics*. Milli Folklor, 118 (2018). – Page: 5-18.
- Авакова Р.А., Бектемирова С.Б. Түркі филологиясына кіріспе. – Алматы: Қазақ университеті, 2018. – 238 б.
- Monumenta altaica (2002-2021) Электронды ресурс: <http://altaica.ru/personae.php> (қаралған күн: 17.12.2021).
- Базылхан Н. Көне түрік бітіктастары мен ескерткіштері (Орхон, Ениесей, Талас) // Қазақстан тарихы түркі тілді деректемелерде сериясы бойынша. II том. – Алматы: Дайк-пресс, 2005. – 111-114.
- Аханов К. Тіл біліміне кіріспе. Алматы: Мектеп, 2002. – 561 б.
- Johanson L. Discoveries on the Turkic Linguistic Map. – Stockholm, 2001. – 56 p.
- Қалиев Ф. Тіл білімі терминдерінің түсіндірме сөздігі. – Алматы: сөздік-словарь, 2005. – 440 б.
- Қазақ тілі. Энциклопедия. – Алматы, 1998. – 590 б.
- Аманжолов А.С. Түркі филологиясының негіздері. – Алматы: Мектеп, 2012. – 344 б.
- Clauson S.G. An Etymological Dictionary of Pre-Thirteenth-Century Turkish. – London: Oxford University Press, 1972. – 988 p.
- Бикұмар К. Қазақ халқының салт-дәстүрлері. – Улаанбаатар: Китаб, 2013. – 988 б.
- Crystal D. A Dictionary of Linguistics and Phonetics. 6th Edition. – USA: Blackwell Publishing, 2008. – 529 p.
- Севортян Э.В. Этимологический словарь тюркских языков. ТТ. 1-7. – М., 1974. – 387 с.
- Кляшторный С.Г. История Центральной Азии и памятники рунического письма. – СПб., 2003. – 267 с.
- Түркі тілдері: Энциклопедиялық басылым. – Астана: Флоиант, 2002. – 590 б.
- Бектемирова С.Б., Ауесхан Р. Түркітану: қысқаша энциклопедиялық лұғат. – Алматы: Қазақ Университеті, 2016. – 174 б.

МАЗМҰНЫ – CONTENTS – СОДЕРЖАНИЕ

1-бөлім Тіл білімі	Section 1 Linguistics	Раздел 1 Языкознание
<i>Акимбекова Г.Ш., Кеңес Б.Е.</i>		
Қазақ тіліндегі метафоралау әдісі арқылы жасалған компьютер терминдері.....		4
<i>Ақшолоқова А.Ж., Меркибаев Т.А., Бугенова Л.А.</i>		
Категория времени глаголов в русском, казахском и английском языках на основе формирования грамматической компетенции		11
<i>Ақшолоқова Р.К., Күзембекова Ж.Ж.</i>		
Экожүйедегі тіл: эколлингвистика		23
<i>Әбішева Г.Қ., Абзұлдинова Г.К.</i>		
Мәшһүр Жүсіп шығармаларындағы топонимикалық кеңістік.....		32
<i>Әнес F.Қ.</i>		
XX ғ. басындағы тілдік тұлғалар: Халел Досмұхамедұлы – түркітанушы		42
<i>Бегимова Г.А., Құлжанова Б.Р., Назарова А.Ж.</i>		
Қазақ және түрік тілдеріндегі өсімдік атауларының уәждемесі.....		52
<i>Бектемірова С.Б., Ауесхан Р., Акимшиева Ж.А.</i>		
Түркітану метатілінің құрастырылуы мен түсініктемесі.....		61
<i>Бижкенова А.Е., Байқадамова А.Н.</i>		
Лексическая семантизация концепта «Степь» в художественном произведении.....		71
<i>Zeynally G.R.</i>		
Meaning and Speech acts.....		84
<i>Dairabekova G.K., Zabrodskaja A.N., Igilikova S.I.</i>		
Reduplication in the English word-formation system		91
<i>Кабытаева А., Мадиева Г.</i>		
Аналитический обзор современных тенденций в ойкодомонимах города Алматы		103
<i>Қушқимбаева А.С., Қарагулова Б.С., Конечны Я.</i>		
Драмалық шығармалардағы вестиялды лексиканың кейіпкер бейнесін ашудағы қызметі.....		113
<i>Мейрамбекова Л.К., Жиёмбай Б.С., Даутова Г.Р.</i>		
Зат есімнің сан-мөлшер (көптік) категориясының армян-қыпшақ жазба ескерткіштер тіліндегі тарихи даму жолы.....		127
<i>Оданова С.А., Молдабаева Қ.Е.</i>		
Академиялық жазылымның зерттелу деңгейі және электронды контент жасаудың өзекті мәселелері.....		136
<i>Ongarbayeva M.S., Tayeva R.M., Alimbayeva A.T.</i>		
Meteorological metaphors of “atmospheric electrical and sound phenomena” in the English and Kazakh languages		147
<i>Таусоғарова А.Қ.</i>		
Даулы мәтіндегі дерек туралы мәлімдеменің лингвосараптамасы		156
<i>Тектігүл Ж.О., Дузмагамбетов Е.А., Баядилова-Алтыбаева А.Б.</i>		
Қазақ топонимдерінің мифологиялық қабаты.....		167
<i>Токсанбаева Р.К.</i>		
История формирования юридического английского языка: современные проблемы глобализации юридического языка.....		180
<i>Чжао Чжунган, Ван Жун</i>		
Анализ семантических функций аффиксов в русском языке		189

2-бөлім Әдебиеттану	Section 2 Literary Criticism	Раздел 2 Литературоведение
<i>Bysengaly Z.Q., Weining Xie</i> The rise of the Novel in Kazakh literature.....		199
<i>Suleimenova E.</i> Archetypal images in the novel “Nakanune” by I.S. Turgenev		207
3-бөлім Тіл мен әдебиетті оқытудың әдістемесі	Section 3 Methods of teaching language and literature	Раздел 3 Методика преподавания языка и литературы
<i>Avakova R.A., Sultangubiyeva A.A., Alekeshova L.B.</i> Innovative approaches in language learning.....		218
4-бөлім Аударма теориясы	Section 4 The theory of translation	Раздел 4 Теория перевода
<i>Қарабаева Х.Ә., Бейсенұлы Ж.</i> Абай және Науаи: көркем аудармадағы әдеби үндестік.....		226
<i>Orazbekova I.G., Rustemova A.I., Tleugabylova Z.A.</i> Techniques of Russian-Kazakh advertising translation		235
<i>Sharipova G., Bekturova E.</i> Analysis of using lexical and grammatical transformations in literary translation		244